

БЕКІТЕМІН:

**ЖШС «Бану-Туркеш» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Б.С. Умирзакова**



Педагогикалық кеңес құжаттары, хаттамалары

2024-2025 оқу жылы

БЕКІТЕМІН:
ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Б.С.Умирзакова



Педагогикалық кеңес іс-жоспары

2024-2025 оқу жоспары

№	Мазмұны	Өткізу формасы	Жауаптылар	Мерзімі
1	1.Педагогикалық кеңестің хатшысын сайлау 2.2024-2025 оқу жылына бөбекжай балабақша жұмысының жылдық міндеттерін бекіту 3.Жаңа 2024-2025 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы,үлгілік оқу жоспарымен таныстыру.Жылдық және оқу жоспарларын бекіту «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруды ұйымдастыру; - балалардың кешенді қауіпсіздігі стратегиясы, педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек? бағдарламасы,үлгілік оқу жоспарымен таныстыру.Жылдық және оқу жоспарларын бекіту «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруды ұйымдастыру; - балалардың кешенді қауіпсіздігі стратегиясы, педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек? 4.Күн тәртібін,ҰІӨ кестесін,тәрбиешілер мен мамандарды бекіту	Қорытынды педагогикалық кеңес.	Әдіскер	29.08.2024
2	1. №01 педкеңес шешімінің орындалуы. 2. «Білім күні» тақырыптық сабақ қорытындысы 3. «Қол өнер шеберлері»Күз мезгіліне көрмесінің қорытындысы 4.Тамақ нормаларының сақталуы 5.Әр түрлі мәселелер		Әдіскер	29.11.2024

3	1.№2 педагогикалық кеңестің шешімі 2.Педагогикалық жарты жылдық есебі. 3.Тамақтанудың дұрыс жүргізілуі. 4.Желтоқсан айында өткізілеген іс- шаралардың қорытындысы 5.8, 22 наурыз мерекесінің кестесін белгілеу	Анықтама	Әдіскер	24.01.2025
4	1.№3 пед агогикалық кеңестің шешімінің орындалуы 2.2023-2024 оқу жылына арналыған жылдық міндеттемелердің орындалу деңгейі. Тәрбиешілердің, медбикенің, саз жетекшісінің 2023-2024 оқу жылына қорытынды есебі 3. Тәрбиешілердің ашық оқу қызметтерінің қорытындысы 4. 2023-2024 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін таңдау 5.Топ құжаттарының орындалу жүйесін бақылау қорытындысы 6. 1-Мамыр тақырыптық сабақ қорытындысы 7.Жаз маусымына дайындық			23.05.2025

Әдіскер:



ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес №1 хаттамасы

Күні: 29.08.2024

Қатысушылар:

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңестің хатшысын сайлау
2. 2024-2025 оқу жылына бөбекжай балабақша жұмысының жылдық міндеттерін бекіту.
3. Жаңа 2024-2025 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру. Жылдық және оқу жоспарларын бекіту «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруды ұйымдастыру;
- балалардың кешенді қауіпсіздігі стратегиясы, педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек? бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру. Жылдық және оқу жоспарларын бекіту «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруды ұйымдастыру;
- 4.- балалардың кешенді қауіпсіздігі стратегиясы, педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек.
5. Күн тәртібін, ҰІӨ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды бекіту

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен тасыстырылды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын білім беру ұйымының басшысы (меңгеруші), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2024-2025 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып О.А.Пернебекова сайланғандығын атап өтті.

Сөз сөйлеген әдіскер:

Әдіскер Абдилдаева А.А. 2024-2025 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде балабақша тәрбиешісі О.А.Пернебекованы сайлауды ұйғарды.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі жылдық жоспардың бөлімімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары 7 бөлімнен тұрады. 2024-2025 жаңа оқу жылындағы жұмыстардың негізгі бағыттары мектепке дейінгі тәрбиеде балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мен балалардың мектепке дейінгі тәрбиеде қарым-қатынас ептілігіне тәрбиелеу болып табылады.

2025-2025 оқу жылына Мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып, біліп, меңгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін – өзі тануы арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту мақсатында :

- баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу.

- Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету.

- Күнделікті бірлесе атқаратын іс – қимылдар барысында балалардың бойында қоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым – қатынас жасау міндеті алынды.

Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған.

Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Балабақша педагогтерге өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланды. Сондай-ақ С.Б.Умирзакова жылдық жоспарда оқу жылына 4 педагогикалық кеңес, 3 әдістемелік кеңес, 3 балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторы жоспарланды. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылау

бойынша жедел, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланды. Осы жыл барысында тақырыптық оқу қызметтері мен ертеңгіліктер және басқа да іс-шаралар жоспарланды. Ата-аналармен жұмыс бөлімінде 2 жалпы, 3 топтық ата-аналар жиналысы, кеңестер мен басқа да іс шаралар, ашық есік күндері жоспарланды. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарын бөбекжай меңгерушісі, әдіскері, педагогтар бірігіп отырып құрды. Сондықтан осы айтылғандарды құптаймыз, жылдық жоспарға алып қосарымыз жоқ десеңіздер бекітейік.

3. Балабақша әдіскері сөз алып, 2023-2024 оқу жылының Әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырып өтті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурызындағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі бекітілді. Аталған Модельді іске асыру әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігінің қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын трансформациялауға бағытталған.

Модельді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы №348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Бұдан әрі-Стандарт), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №442 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жүзеге асыру үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары әзірленді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы нұсқаулықта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруға әдістемелік ұсынымдар:

- Заттық – дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу;
- Тәрбиелеу білім беру процесін, күн тәртібін, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру;
- Материалдар (ұлттық, қимылды ойындар, ертегілер, мобильді кітапхананы құруға қажетті материалдар, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері, бейнероликтер және аудиоматериалдар сілтемелері және басқалар) берілген.

Әдістемелік нұсқау хатта негізгі міндеттер белгіленген:

- Тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- Баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылды:

- Ойын арқылы үйрету;
- Түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Әдістемелік нұсқау хат жыл бойы www.irrid.kz сайтында қолжетімді болады.

Балабақша әдіскері Абдилдаева А.А. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруды ұйымдастыру жоспарымен таныстырды.

«БІРТҮТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
- Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру;
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.07.2024 ж. №194 бұйрығымен бектілді

Мемлекет Басшысының тапсырмасы:

Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін жанарту

Ұлттық Құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысы)

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады.

Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар

Қағидамыз – әділдік,

тірегіміз – жауапкершілік,

мақсатымыз – өрлеу

Қ.Тоқаев

4.1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары

Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты
Күнделікті іс-шара		
«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу	Ұйымдастырылған іс-әрекет, дербес іс-әрекет, серуендер, ертеңгіліктер, мерекелер, ойын-сауық	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, саз жетекшісі
«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» – табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру	Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын, танымдық, эксперименталдық іс-әрекеті Ата-аналарға арналған жаднамалар, нұсқаулықтар, парақшалар	Мектепке дейінгі Ұйымның тәрбиешілері ата-аналар

«Күй күмбірі» – балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықты, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған, шығармашылық, дербес іс-әрекеті	Мектепке дейінгі ұйымның музыкалық жетекшісі, тәрбиешілер
4.2. Апта сайынғы іс-шаралар		
«Менің Қазақстаным» – мемлекеттік мерекелерге арналған ертеңгіліктерде ересек және мектепалды топтардың/мектепалды сыныптардың тәрбиеленушілерінің Қазақстан Республикасының Гимнін орындауы	Ертеңгіліктер	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, музыкалық жетекшісі, әдіскері
«Апта дәйексөздері» – ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру, мнемо кестелерде ойнату	Дәйексөздерді ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру т.б.	Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері
«Қауіпсіздік ережелері» – жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті. Дидактикалық, сюжетті-рөлді ойындар, әңгімелесу, көркем шығармалар оқу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы		
1 қыркүйек – Білім күні «Балабақша – жайлы мекен»	Балабақшада экскурсия өткізу	Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері, тәрбиеші, саз жетекшісі

«Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақша жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары – қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, еске сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» Бестемше: «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында) «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында)	Ұлттық ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері.
Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру	Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы		
«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» Бестемше: «Бәріміз бірге мықтымыз» (мектепке дейінгі ұйымның педагогтері арасында)	Жарыс ойыны	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
«Мен Отаныммен мақтанамын!»	Ашық оқу-іс әрекеті	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, музыкалық жетекшісі
«Менің елім – Мәңгілік ел!»	Әдістемелік ұсынымдар	Мектепке дейінгі ұйымның әдіскері
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы		
«Ғажайып көлік түрлері»	Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері

«Қоғамдық мүлікті қорға»	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
«Адалдық алаңы»	Мультфильм көру	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы		
«Республикам – мақтанышым!»	Ертеңгілік	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері әдіскері
Қаңтар – заң және тәртіп айы		
«Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақша жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары – қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, еске сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
«Менің құқықтарым, менің міндеттерім» (мектепалды жастағы балалар үшін)	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
«Біз – экологпыз»	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы		
«Мен – зерттеушімін» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам.	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
Ұлттық үстел үсті ойындары	Үстел үсті ойындары	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы		
«Ізгіліктің бір ізі – алғыс» (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен)	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
«Еңбектің наны тәтті»	Ересектердің еңбегімен таныстыру бойынша	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері

	ұйымдастырылған іс- әрекет	
«Наурыз – жыл басы!»	Ертеңгілік	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы		
«Шын жүректен кітап сыйла» – Халықаралық балалар кітабы күні	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата- аналар
Қоғамдық орында өзін-өзі ұстау мәдениеті	Сюжетті-рөлдік ойын	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
«Сауда үйі», «Сән салоны», «Емхана», «Автосервис» және басқалары	Сюжетті-рөлдік ойын	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
«Кітаппен жарқын әлемге» (жергілікті балалар жазушыларымен кездесу)	Кездесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері
«Әжемнің ертегілері»	Проектная деятельность	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері ата-аналар, әжелер
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы		
«Достығымыз жарасқан»	Балалар суретінің көрмесі	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері
«Білімім – Отаныма!»	Ертеңгілік	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері
«Табиғатты сақтайық!»	Жобалау іс-әрекеті	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері

4. Күн тәртібін,ҰІӨ кестесін,тәрбиешілер мен мамандарды бекіту
Балабақша әдіскері балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес күн тәртібімен,сабақ кестесімен
таныстырып өтті.

КҮН ТӘРТІБІ Мектепке дейінгі ұйымдағы

№	Атқарылатын жұмыстар	Мектепалды даярлық тобы (5-6 жас)	Ересек Топ (4-5жас)	Ортаңғы Топ (3-4жас)	Кіші топ (2-3 жас)
1	«Сәлеметсіңдер ме, балалар!» Балаларды қабылдау, тексеру, ойындар.	8.00–8.40	8.00 – 8.40	8.00–8.45	8.00 – 8.45
2	Ертеңгілік гимнастика	8.40–8.50	8.40–8.50	8.45–8.50	8.45 – 8.50
3	Таңғы асқа дайын, таңғы ас	8.50–9.10	8.50–9.10	8.50–9.20	8.50 – 9.20
4	Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	9.10 – 9.15	9.10 – 9.15	9.20–9.30	9.20 – 9.30
5	«Ойнайық та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті	9.30 - 11.00	9.30 - 10.50	9.30 - 10.50	9.30 - 10.10
6	«Табиғат аясында» Серуенге дайындық	11.00–11.15	10.40–11.15	10.40–11.00	10,20–10.40
7	Серуен, табиғатпен таныстыру, еңбек, ойындар.	11.15–12.35	11.15 -12.15	11.00–12.10	10.40–11.30
8	Гигиеналық және шынықтыру шаралары	12.35–12.50	12.15–12.30	12.10–12.20	11.30–11.50
9	«Ас-адамның арқауы» Түскі ас	12.50–13.20	12.30–13.00	12.20–13.00	11.50–12.30
10	«Тәтті ұйқы» Күндізгі ұйқыға жатқызу, ұйқы	13.20–15.30	13.00–15.30	13.00–15.10	12.30–15.00
11	«Ұйқымызды ашайық» Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары	15.30–15.50	15.30–15.50	15.10–15.40	15.00–15.30
12	Бесін асқа дайындық, бесін ас	15.50–16.15	15.50–16.15	15.40–16.15	15.30–16.00
13	«Алақай ойын!» Вариативтік ҰОҚ	16.15–16.35	16.15–16.35	16.15–16.30	16.00–16.40
14	Сюжеттік - ролдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар.	16.40–16.50	16.35–16.45	16.30–16.40	
15	Серуенге дайындық Серуен, қимылды ойындар.	16.50–17.00	16.45–17.00	16.40–17.10	16.40–17.10
16	Гигиеналық және шынықтыру шаралары	17.00–17.40	17.10–17.40	17.10–17.40	17.10–17.40
17	«Ертеңгі дейін...» Балалармен, ата-аналармен қарым-қатынас. Балалалардың үйге қайтуы.	17.40–18.30	17.40–18.30	17.40–18.30	17.40–18.30

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Балабақша кеңестің құрамына. Балабақша меңгерушісі,әдіскер,тәрбиешілер бекітілсін.
2. Балабақша жаңа оқу жылына бекітілген оқу жоспарлар қадағалансын.Жауапкершілік әдіскерге жүктелсін.

Меңгеруші:



Умирзакова Б.С.

Педагогикалык кеңес №2 хаттамасы

Күн тәртібінде:

1. №01 педкеңес шешімінің орындалуы.
2. «Білім күні» тақырыптық сабақ қорытындысы
3. «Қол өнер шеберлері» Күз мезгіліне көрмесінің қорытындысы
4. Тамақ нормаларының сақталуы
5. Әр түрлі мәселелер
1. **Тыңдалды:** Меңгеруші өз сөзінде №1 педагогикалық кеңесте
1. 2024-2025 оқу жылының жылдық міндеттемесін, жылдық жоспармен таныстырылып, бекітілді.

2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективалық жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспарымен жүктемеге, перспективалық жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Жылдық жоспардың негізінде қыркүйек, қазан айларында айлық жоспарлар құрылып, балабақша қызметкерлері сол жоспарға сәйкес жұмыс жүргізді. Жылдық жоспарға қарай тақырыптық оқу қызметі, ата-аналарға кеңес, тәрбиешілерге арналған семинар, балалар жұмысынан көрме, №1 өндірістік отырыс, топтық және жалпы ата-аналар жиналысы, әдістемелік отырыс. Күнделікті аурудың алдын-алу шараларын жүргізу, балалардың серуенде ұзақ болуын қадағалау, топтарда температураны қатаң сақтау, сүзгі жүргізу, балабақша қызметкерлері және ата-аналар арасында санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу, топтардағы ауа режимін ұйымдастыруын қадағалау, баланы далада таза ауада қабылдау, ертеңгілік жаттығуды таза ауада ұйымдастыру, тыныс алу жаттығуларын, ұйқыдан кейінгі жаттығуды ұйымдастыру, серуен кезінде қимылды ойындарды ұйымдастыру, ауа, массажды кілемшелерде, мәдени-гигиеналық машықтарды қалыптастыру, балабақша ауласын тазарту жұмыстары ұйымдастырылды.

2.Тыңдалды: Әдіскер 1 қыркүйек «Білім күніне» орта және ересек топтарда тақырыптық сабақ болып өтті.Тәрбиешілер тақырыпқа сай дайындық жұмыстарын жақсы жүргізді.Тақырыпқа сай безендірулер,ойындар болды.Балалар тақпақтарын жақсы айтып шықты.Балалар жақсы көңіл-күйде қатысты.

3.Тыңдалды:Әдіскер балабақшамызда күз мезгіліне арналған «Күз сыйы» атты көрме ұйымдастырылды.Көрмеге ата-аналар балаларына айтпй,табиғи материалдардан әртүрлі заттар жасап жіберді.Көрме соңында балаларға мадақтама,алғыс хаттар табыс етілді.

4.Тыңдалды:Балабақша медбикесі балабақшада тамақ нормалары талапқа сай жұмыс жүргізілуде.Әр күн сайын тамақ нормалары қадағалануда.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелсін.
2. Тамақ нормалары қадағалансын. Жауапкершілік: Әдіскер мен медбикеге жүктелсін.

Меңгеруші:

Умирзакова Б.С.



ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кеңес №3 хаттамасы

Күні: 24.01.2025

Күн тәртібінде:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі
2. Педагогикалық жарты жылдық есебі.
3. Тамақтанудың дұрыс жүргізілуі.
4. Желтоқсан айында өткізілген іс- шаралардың қорытындысы
- 5.8, 22 наурыз мерекесінің кестесін белгілеу

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі №2 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы айтты. № 2 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде, баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамытуда балалардың жас ерекшеліктеріне қарай тәсілдерді іріктеп тиімді пайдалануды жүзеге асыру қолға алынып, жұмыстар жүргізілуде. Тамақ нормарының сақталуы талапқа сай жүргізілуде.

2. Екінші мәселе бойынша, педагогтардың 2024-2025 оқу жылындағы жарты жылдық есебі тыңдалды. Оны педагогтар 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап 2025 жылдың ақпан айына дейінгі аралықта өткен ашық ұйымдастырылған оқу қызметі мен ертеңгіліктеріне, ата-аналар жиналысы мен топтағы бала санының мәліметтеріне тоқталды.

3. Сөз сөйлеген: медбике

Балабақшада тамақтанудың дұрыс жүргізілуі ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9-шілдедегі №59 бұйрықпен басшылыққа ала отырып жұмыстар жүргізілуде. Балалардың дұрыс тамақтануы талапқа және нормаға сай жүргізілуде.

4. Сөз сөйлеген: Әдіскер сөз алды. Желтоқсан айларында өткізілген іс-шаралардың қорытындысына тоқталып өтті. Желтоқсан айында ересек және мектепалды даярлық топтарда Тұғыры биік Қазақстан Тәуелсіздік күніне тақырыптық сабақтар өткізілді. Әр топ өз жас ерекшеліктеріне қарай дайындықтар жүргізді. Балалар мен тәрбиешілер жақсы дайындықтар көрсете білді. Балалар жақсы көңіл-күйде қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Тақырыптық сабақтар ойдағыдай болды, - деп өз сөзін қорытындылады.

5.8 наурыз және 22 наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылтын ертеңгіліктер мәселесі талқыланды. Мерекеде топтар талапқа сай безендіру тапсырмасы берілді. Ертеңгілік кестесі бекітілді.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелсін.
2. 2024-2025 оқу жылындағы педагогтардың жарты жылдық есесбі қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Тамақтанудың дұрыс жүргізілуі ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 – шілдедегі №59 бұйрықты қатаң сақтап, медбикеге басшылыққа алуды тапсырылды.
4. 8- наурыз мерекесінің ертеңгісіне жауапты деп топ тәрбиешілері жүктелсін.

Меңгеруші:



Умирзакова Б.С.